

АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР
ІІІ том

Алматы
«Қазақ университеті»
2015

ӨОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Қаз)

А 13

*Баспаға өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология,
өдебиеттану және өлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі және
Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған*

(№6 хаттама 26 маусым 2015 жыл)

*Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы
Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған*

ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ж. Дәдебаев (төраға), Ө. Әбдиманұлы, З. Бисенғали, Т. Есембеков,

А. Жақсылықов, Қ. Мәдібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейітжанов, Ө. Тарақ,
А. Темірболатова, Ж. Тілепов, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев (хатшылар тобының
жетекшісі), И. Әзімбаева (жауапты хатшы), Ө. Жапарова (хатшы)

Пікір жазған

филология ғылымдарының докторы, профессор **Қ.Қ. Мәдібаева**

Жалпы редакциясын басқарған

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ж. Дәдебаев**

Құрастырып, түсініктерін жазғандар:

П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нүрәділ

Жауапты редактор

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ө. Әбдиманұлы**

А 13 Абайтану. Таңдамалы еңбектер. III том. Ойлар мен толғаныстар /
құраст., түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нүр-
әділ; жауапты ред. Ө. Тарақ; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Ал-
маты: Қазақ университеті, 2015. – 272 б.

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортақ)

ISBN 978-601-04-1284-2 (III том)

Абайтану ғылымы бойынша жарық көріп отырған таңдамалы еңбектер басылымы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Абай туралы сөз» толғауымен ашылған. Үшінші томға абайтану саласында 1960 жылдан 1980 жылға дейін жарық көрген, уақыт сынынан өткен, ғылыми қауым мен көпшіліктен лайықты бағасын алған зерттеулер мен мақалалардың таңдамалылары енген. Кітап орта мектептің жоғары сынып оқушылары мен жоғары мектепте білім алушы жастарға, ғылым мен білім, мәдениет мамандарына, мемлекет қызметкерлеріне, сондай-ақ қалың көпшілікке арналған.

III томға енген таңдамалы еңбектер елдің ынтымағы мен бірлігінің нығаюына, интеллектуалдық өлеуетінің артуына, қоғамдық сананың дамуына ықпал етеді. Том «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

ӨОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Қаз)

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортақ)

ISBN 978-601-04-1284-2 (III том)

© Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы

Абай ғылыми-зерттеу институты, 2015

АБАЙДЫҢ АҚЫНДЫҒЫ

Абай өзінің бір өлеңінде («Өлсем, орным қара жер...») былай деді:

Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!

Осы екі жолда ақын өмірінің ащы шындығы жатыр.

Қазақ оқушысы көзі қара таныған күннен бастап, Абайды жаттап өседі. Мектепке барған баланың көз алдында құс жолындай сайрап, ақын өмірі жатады.

Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денең.

Абай бұл сөзді өлең туралы ғана емес, өзі жөнінде де айтқандай, қай-қайсымыз болсын, өмірге Абай әлдиімен келіп, өмірден Абай гөй-гөйімен аттанатын тәріздіміз.

Ақын кім? Ақындық деген не? Бұл сұрақтардың жауабын кезінде Абайдың өзі берген. Ұлы ақынның «Адамның кейбір кездері» деп басталатын өлеңінде мынадай керемет жолдар бар:

Сылдырап өңкей келісім
Тас бұлақтың суындай...

Шын мәнісіндегі өнер туындысының айрықша асыл қасиетін, сыртқы түрі мен ішкі сырының тамаша үндестігін, сайып келгенде, оның күллі идеялық-көркемдік құнын осыдан артық дәл тауып айту қиын. Сөз өнеріндегі мазмұн мен пішіннің бірлігі дегеннің өзі де осы – әдеби шығарманың адам таң қалғандай әдемілігі, яки «тас бұлақтың суындай сылдыраған өңкей келісімі», Александр Блоктың «ақын – үндестік ұлы» деген тамаша тұжырымының түп төркіні де осыған саяды.

Сөз өнеріндегі сыр мен сымбаттың үлгісі қандай? Мұнын жауабын да Абайдан табамыз. Ол үшін Абайдың лирикасын пайымдап байқау шарт.

Абайдың лирикасы – кең көлемді мол қазына, биігі бітпес, тереңі таусылмас сырлы мұра. Алдымен, Абай – ақын. Ақын болғанда бүкіл бір халықтың ұлттық мәдениетінің ғасырлық мерейі, әдебиетінің заңғар биігі болған данышпан, классик ақын. Олай болса, Абай творчествосының дені – поэзия. Ал, сол Абай поэзиясының дені – лирика. Осының өзінен-ақ, әлгі айтқанымыздай, мұның қаншалық шалқар теңіз екені белгілі.

Абай лирикасы – сала-сала. Жалпы, лирика деген ұғымға қандай қасиеттер тән болса, Абай өлеңдерінде соның бәрі бар. Белинскийше айтсақ, Абайды бірыңғай қайғының, яки қуаныштың ақыны деуге, не мұңшыл, не күлкішіл ақын деуге тіпті де болмайды. Абай лирикасында осының бәрі түгел, тұтас жатыр. Оның сырлы жырларындағы сәл ғана, ең бір жәй сезінудің өзі оқушысының жан жүйесін, көңіл күйін түгел тебіренге толқытып, «барлық пернені түгел басып, барлық шекті түгел сөйлеткендей сайрайды» (Белинский). Бұл – ғажайып құбылыс.

Абай лирикасын талдауға кіріспес бұрын, әуелі, жалпы лирика туралы бір-екі ауыз сөз айту артық емес.

Лирика – поэзияның негізгі үш (эпос, лирика, драма) түрінің бірі. Лирикалық шығармаға көбінесе ақынның ішкі дүниесінің сезім күшімен тебірене толқуы, оның жеке өз басының көңіл күйі, күйініш-сүйініші тән. Ақын басында болатын мұндай толғаныс оның өзі өмір сүрген мезгілге, өзін қоршаған әлеуметтік ортаның моральдық бітіміне тығыз байланысты екені даусыз. Ақын қуана шалқыса да, жабырқай толғанса да, лирикада сол өз кезінің шындығы мен сыры жатады. Оқушы мұнан ақын өмір сүрген дәуірдің рухын, жай-жағдайын байқап, хал-күйін аңғарып отырады.

Жалпы, сөз өнерінің өзге түрлері секілді, лириканың да суреттейтін құбылыстары көп. Эпос па, драма ма, лирика ма бәрібір, мақсат – адамның мінез-құлқын, күйініш-сүйінішін суреттеп қана тыну емес, сол арқылы өмірді, дәуір шындығын суреттеп көрсету екені мәлім. Осы жағынан алып қарасақ,

лириканың эпосқа, яки драмаға принциптік қайшылығы жоқ. Жалғыз-ақ, жанрлық жағынан айырмасы – эпостық шығарма қат-қабат, шытырман оқиғаларды суреттеуге лирикадан гөрі әлдеқайда кең құлаш жая алады. Сюжетке құрылады. Шындық құбылыстарды жан-жақты, толық суреттеуге, бір оқиғадан екінші оқиғаға көше баяндауға мол мүмкіндігі бар.

Ал, лирикалық шығарма олай емес. Көлем жөнінен, эпосқа қарағанда әлдеқайда ықшам. Қат-қабат оқиғалы сюжеті жоқ, одан гөрі отты сезім басымдау, композициясы бас-аяғы жинақы бір алуан ойға құрылады.

Белинский лирикалы өлеңнің оқушыны төзімнен айырып, жалықтырып жіберер ұзақ болуын онша ұнатпаған: «Лириканың ұзақ болу себебі ақынның бір өлеңнің ішінде бір сезінуден екінші сезінуге ауысуынан, сондықтан арасын жалғастыру үшін амалсыз шешендікке салынып, ақындыққа шәлкес сырдаң ақыл айтуынан», – деп білген.

Лирикалық шығармалардың күрделі композициялық формалары бола бермейді, сондықтан оны белгілі бір жүйеге келтіріп, түр-түрге бөліп жатудың керегі жоқ және күні бүгінге дейін тұжырымды түрде бұлайша топталған да емес. Ілгергі кезде (XVIII ғасырда), орыс әдебиетінде классицизм дәуірлеп тұрған тұста әркімдер лириканы түр-түрге бөліп көрген болды. Олардың бастылары: Ода, Элегия, Баллада, Идиллия, Романс, Мадригал, Эпиграмма, Надпись, Эпитафия, Эпиталама, Эклога, тағы басқалар.

Бірақ, мұндай бөлшектеу лириканың мазмұнын сұйылтады. Тек сырттай ғана, атүсті, үстірт топтау болып шығады. Бұдан гөрі лириканы идеялық-тақырыптық негізіне сай, мазмұнына қарай топтап, бірнеше салаға бөлу орынды: саяси лирика, философиялық лирика, табиғат лирикасы, махаббат лирикасы...

Сонымен, лирика дегеніміз не болды? Лирика – ақынның бір сәтте жалт еткен нұрлы ойы, жарқ етіп тұтас көрінген ішкі сырлы дүниесі.

Лирикалық шығармадан оны жазған адамның өмір сүрген ортасын, сол ортаның саяси-әлеуметтік халін, адамдардың алуан-

алуан мінез-құлқын, ой-өрісін, жан-күйін, арман-тілегін, мақсат-мүддесін аңғарамыз.

Сонымен қатар, лирикалық шығармадан ақынның өзін, өзіне тән айрықша мінезін тануға да болады. Өйткені лирикада ақынның оқушыға бұрын онша мәлім бола қоймаған сыры мен сезімі жалт етіп сыртқа шығып, жарқ етіп бір көрініп қалады. Оның өзі ғана емес, оқушыны да тебіренге, сезіндіре көрінеді. Оқушы енді бір ауық ақын басында болған күйініш-сүйінішті өз басынан кешіреді: «Оның қайғысымен қайғырып, қуанышымен, шаттығымен, үмітімен тыныстайды, оның көзімен көріп, құлағымен естіп, тілімен сөйлейді» (Белинский). Талантты ақын өз лирикасында осылайша жарқ етіп, терең ойы мен сезгіш жанының жалпы жұртқа бұрын мәлім емес белгісіз түкпірін нәзік толқынмен осылайша ап-айқын ашып, танытады. Мұны ұғу да, әрине, оңай емес.

Ұқпасың үстірт қарап, бұлғақтасаң,
Суретін көре алмасың, көп бақпасаң,
Көлеңкесі түседі көкейіңе,
Өр сөзін бір ойлаып, салмақтасаң –

деп, кемеңгер Абай тегін айтпаған.

Абайдың саяси-әлеуметтік лирикасын талдар тұста, алдымен, көркем әдебиеттің таптық екенін ескеру шарт. Суреткер өзі өмір сүріп отырған қоғамнан тыс, жеке-дара қалып, томаға-тұйық өмір сүре алмайды. Ендеше, оның өзі өмір сүріп отырған қоғамда қалыптасқан белгілі бір таптық көзқарасы бар. Сондықтан, өмір құбылыстарын суреттегенде оған өз қарым-қатынасын көрсетпей қала алмайды. Өз шығармасында сәуленген өмір шындығы туралы өз кесімін айтып, өз «үкімін» шығарады.

Абай да өз лирикасының керекті жерінде кейбір қоғамдық қатынастардан белгі бере отырып, өзінің таптық көзқарасын, идеялық бетін айқындайды.

Абай – өз дәуіріне қатал сыншы болған адам. Қараңғы даладағы қат-қабат қарау әрекеттер – заңсыздықтар мен зұлымдықтар ақынды қатты күйзелтеді де, дәл осы жеке басқа тән жәй-күйлер

енді бірде арнасынан асып, қоғамдық сипат алған. Сонда, ақынның бір адамды сынағаны – сол сияқты бүтін бір қауымды сынағаны, тілін болыс пен ұлыққа түйресе, сол кеселді туғызып отырған патша әкімшілігіне түйрегені болып шығады.

Болыс болдым, мінекей,
Бар малымды пығындап,
Күштілерім сөз айтса,
Бас изеймін пыбындап.
Әлсіздің сөзін салғыртсып,
Шала ұғамын кырындап.
Съезд бар десе, жүрегім
Орнықпайды суылдап.
Сыртқыларға сыр бермей,
Құр күлемін жымындап...

Осында сол тұстағы ел билеушінің екіжүзді кескін-кейпі, мінез-құлқы оқушының дәл көз алдына келмей ме?

Осы секілді саяси сипаттағы сатиралық өлеңдерінде Абай болыс-билердің адам шошығандай қылығын, құлқын ғана суреттеп тынған жоқ, есте қаларлық образын жасады.

Қараңғылыққа, надандыққа жаны күйген Абай дүйім жұртты қайткенде түзеудің жолын көздеп, бір тоқтаған түйіні – ғылым, өнер болса, соның ізінше еңбекті тауып, халықты соған үндеді:

Тамағы тоқтық,
Жұмысы жоқтық
Аздырар адам баласын...
Еңбек қылсаң ерінбей,
Тояды қарның тіленбей.

Абайдың әлеуметтік тақырыптағы өлеңдері көп. Соның бәріне желі боп тартылып жатқан негізгі идея – қалың бұқараның «көзін қойып, көңілін ашу», қараңғы қауымды еңбекке, білімге, өнерге, адалдық пен адамгершілікке бастау, азаматтыққа тәрбиелеу; замандастарын орыс халқының прогресшіл мәдениетіне әкелу. Бірақ, ұлы ақын осы жолда қолдау таппай, мынадай өкінішке келеді:

Моласындай бақсының –
Жалғыз қалдым – тап пыным!

Бұл ащы шындықта айрықша мағына бар.

«Күз» деген өлеңіне ілесе жалғасып, тақырып жағынан ұласа ұштасып жататын «Қараша, желтоқсанмен сол бір-екі ай» деген өлең – сөз жоқ, Абайдың саяси лирикасының ең түйінді бір тұсы. Өуелі қысқа ғана табиғат суреттерін өрнектеп, одан шаруа-жайға көшіп, іле мұнан туған қоғамдық қарым-қатынасты суреттейді де, одан алған өзінің ақындық әсерін, азаматтық пікірін қорытады.

Кедейдің өзі жүрер малды бағып,
Отыруға отын жоқ үзбей жағып.
Тоңған иін жылытып, тонын илеп.
Шекпен тігер қатыны бүрсең қағып.

Бұл – Абай заманындағы типтік көрініс: түндей қараңғы, қапас тұрмыста қоңыр іңірдей күңгірт мұңы, арман-сыры бар кедей үйінің жабырқау өмірі. Таңның атысы, күннің батысы аяғы сайға тимей, ұйқысыз да күлкісіз, бай малының соңында сабылып өзі жүрсе, азынаған қырық құрау қараша үйде ең болмаса жылынар отыны да жоқ, құныса бүрісіп, жыртық шекпенін жамап әйелі отыр. Бұл – бір көрініс, кедейдің қоңыр лашығындағы күй-жай. Осыған салыстыра ақын бай үйінің бір қалпын көзге елестете:

Кәрі қой ештеп сойған байдың үйі,–

дейді де, әлгісіне қайта оралып:

Қай жерінде кедейдің тұрсын күйі.
Қара қидан орта қап ұрыспай берсе,
О да қылған кедейге үлкен сыйы, –

деп, тағы да өз ортасындағы тапшы тұрмыс жайын айтып, теңсіздік сырын баяндайды.

Қар жауса да тоңбайды бай баласы,
Үй жылы, киіз тұтқан айналасы.

Уайым жоқ, қайғы жоқ, тамақ тоқ, көйлек көк, бұлаңдап өскен бай баласы... Бұл – бір көрініс. Жә, енді кедей баласы, әлгі жыртық лашықтағы жарлы-жақыбай ата-ананың жалғыз ұлы не күйде?

Бай ұлына жалшы ұлы жалыныпты,
Ағып жүріп ойнатар көздің жасы.

Жалшыдан туған кінәсіз сәби бала да – жалшы. Байға әкешесі қызмет етсе, бай баласына бұлда тәуелді халде...

Бәрінен бұрын, дәл осы шындықты, дәлірек айтқанда теңсіздікті Абайдың тура тауып, тануы көрегендік қана емес, кемеңгерлік болатын. Оның үстіне, өзі танып қана тынбай, өмірді өнерге көшіріп, өзгеге танытуы – өзінен бұрын, көп адамның қолынан келе бермеген шыншылдық.

Абай өзі суреттеп отырған өмір шындығынан көрінген кедейдің ауыр тұрмысына оқушысының аяныш сезімін туғызып, өзі де іштей сол жағында болады. Тілегі ауып, мейірімі түсіп тұрады.

Бірақ, қайткенде кедейдің халі жақсарып, жеке басына теңдік тиеді?.. Осы жолда жөн таппай көп түйткілдейді.

Байда мейір, жалшыда бейіл де жоқ,
Аңдыстырған екеуін құдайым-ай! –

деп, не істеудің бабын таба алмай, тіпті ыза да болады. Ақыр аяғында белгілі бір жөн жолға түсе алмай, булыға-булыға келіп, бай мен жарлыны алдына қатар келтіріп алады да:

Алса да аяншақтау кедей сорлы,
Еңбек білмес байдың да жоқ қой орны.
Жас бала, кемпір-шалын тентіретпей,
Бір қыс сақта, тас болма, сен де о ғұрлы!-

деп, тамаша саяси лирикасының аяғын жай ғана салқын «ақылмен», оларды өзара ымыраластыру ниетінде бітіреді.

Абай өз заманындағы әлеуметтік өмірдің ең бір кезек күттірмес күрделі, түйінді мәселелеріне жауап іздеп, өзін қоршаған

өмір-тіршілікті, жалпы ел тұрмысын зерттеп, өзіндік ой таразысына сала талдап, өз пікірін айтпақ болды. Бұл ретте орыс халқының ұлы революцияшыл-демократтарының идеялары және орыстың классикалық әдебиетінің сыншыл реалистік бағыты Абайдың әлеуметтік көзқарастарындағы ағартушы-демократтық бағытын қалыптастыруға, философиялық танымындағы кейбір материалистік белгілерді жинақтауға үлкен себепші болды.

Осының нәтижесінде Абай, сөз жоқ, қазақ елінің әлеуметтік өміріндегі тап қайшылығын көрді. Екі жақты қанауды өз шығармаларында ашып айтты, ашық әшкереледі. Бірақ, халықтың осы ауыр тұрмыстан қалай құтылу, түрмедей қапас өмірді қалай өзгерту жолын көрсете алмады.

Міне, осыған байланысты Абай байға да, кедейге де жай ғана ақыл, басу айтып, ымыраға мегзеумен тынады. Абайдың дүниеге көзқарасындағы негізгі қайшылықтардың бірі, тарихи шектелудің айқын бір көрінісі осы болып табылады.

Бірақ Абай халықты қараңғылықтан, қапас өмірден қалай құтқару жолын таппаса да, қоғамдық құрылыстың қалайша өзгертінін аңғара алмаса да, жарқын келешекке сенді. Оған – өзінің:

Арамдықтан жамандық көрмей қалмас,
Мың күн сынбас, бір күні сынар шөлмек, –

деген түйінді сөзі дәлел.

Абай лирикасынан махаббат тақырыбы айрықша орын алады. Бұл саладағы лирикадан Абайдың ақындық өсу жолы, орыс классиктерінен үлгі-өнеге алу арқылы болған іштей творчестводық эволюциясы анық танылады. Ақынның махаббатқа, достыққа эстетикалық көзқарасы айқын көрінеді.

Ақындығының алғашқы кезеңінде, Абайдың орыс классиктерімен етене жақын емес кезінде жазған махаббат тақырыбындағы өлеңдері – теңеу, тіл жағынан да, махаббат-достық мәселесін сезініп, ұғыну жағынан да қазақ ауыз әдебиетінің бұрынғы көне үлгісінде жазылған шығармалар. «Айттым сәлем, Қаламқас», «Қиыстырып мақтайсыз», «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы»,

тағы басқа өлеңдерінің қайсысын алып қарасақ та, осы жайды аңғарамыз.

Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы,
Аласы аз қара көзі нұр жайнайды.
Жіңішке қара қасы сызып қойған,
Бір жаңа ұқсатамын туған айды,
Маңдайдан тура түскен қырлы мұрын,
Ақша жүз, ал-қызыл бет тіл байлайды,
Аузын ашса, көрінер кірсіз тісі,
Сықылды қолмен тізген іп қайнайды...

Осында не бар? Мұнда Абайдың ақындық шеберлігімен біздің көз алдымызға, өз сөзімен айтқанда, «қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» бір сұлу пайда болады. Бар сән-салтанатымен, мінсіз көркімен көз алдымызда тұр. Бірақ бары – сол ғана. Мұның өзі түрлі-түсті бояумен келістіріп салған жансыз сурет сияқты: үнсіз, тілсіз... Сұлу бір жалт етіп көрінді де, көлеңкедей қатып тұрып қалды...

Қысқасы, ақынның бұл айшығы толыққанды адам образына айнала қоймаған. Адамның ішкі сыры мен сезіміне терең бойламай, сырт бедерін ғана қызықтап, статикалық портретпен тынған. Бұған қарап, әрине, өлеңнің поэзиялық қуатына нұқсан келтіруге болмайды. Ұлы ақынның бұл шығармасы да өз дәуірінің өлең сөздерінен озық, алда, биікте тұр. Біз жоғарыдағы сынды осыдан кейінірек туған тамаша сырлы лирикасын көріп, білгендіктен ғана айта аламыз. Бұл өлеңдердегі бізге сырттай ғана таныс сұлуды кейінгі өлеңдеріндегі бізге бар сыр-сынымен түгел танылып, мәлім болған адам образдарымен салыстырамыз. Сонда ғана әлгідей болып шығады.

Осы айтылғандардың Абай творчествосынан біздің көзімізге түсуі заңды, себебі, бұл өлеңді жазған кездегі Абайдың образды ойлау машығының өзі осы сипатта, эстетикалық таным-талғамының өзі осы дәрежеде болатын.

Ал оның Пушкин мен Лермонтовты, Салтыков пен Толстойды оқып, орыс классикасымен сусындаған, одан үйренген тұстағы қалам сілтеуі әлгіден әлдеқайда өзге:

Қызарып, сұрланып,
Лүпілдеп жүрегі;
Өзгеден ұрланып,
Өзді-өзі керегі...

Мұнда адамның сырт құбылысының өзінен-ақ ішкі сезім толқындары тулап көрініп тұр. Бұл арада ақын да бағанағыдай ауыз әдебиетінің үлгісінде жалаң сылдырата бермей, адам жанының нәзік иірімдеріне тереңірек барып, өзгеше бір суреткерлік мәдениет танытады.

Бұл тұста Абай орыстың ұлы ақындарынан үлгі, өрнек алып, соны өзінше құбылтып, өзгеше жағдайда жұмсап және өз оқушысына ұғымды, қонымды етіп бере білді. Ендігі қыз да, жігіт те алғашқыдай құр сыртқы портрет, жалаң сурет емес, кәдімгі адам. Оларға енді ақын жан бітірген. Оларда енді қимыл бар, сөйлейді, сыр шертеді. Енді біз олардың сыртын көріп қана құр таңырқамаймыз, ішкі психологиялық жайларын бірге аңғарамыз.

Осылардың бәрі Абайдың творчестволық өсу-өрбуі болса, лириканың бұл саласында аңғарылатын Абайдың махаббат мәселесіне эстетикалық көзқарасы қандай?

Абай, әрине, эстетикалық трактат жазып, теориялық пікір айтқан адам емес. Оның сұлулыққа көзқарасы да өлеңдерінен көрініп, белгі беріп отырады.

«Әдемілік дегеніміздің өзі – өмір» (Чернышевский) десек, Абай да сұлулықты қиялдан емес, өмірден іздеді. Ескі салт-сана, әдет-ғұрыпқа, алдамшы діни ұғымға байланысты қиялдағы «періштеден», «хор қызынан» сұлулық тапқан жоқ, «Әзірет Әлі айдаһарсыз» сөз айтып, «алтын иек, сары ала қызды» қоя тұрып, кәдімгі адамға тән шынайы асыл, аяулы қасиетті шыншыл жырға айналдырды:

Жарқ етпес қара көңілім не қылса да,
Аспанда ай менен күн шағылса да,
Дүниеде, сірә, сендей маған жар жоқ,
Саған жар менен артық табылса да.
Сорлы асық сарғайса да, сағынса да,
Жар тайып, жақсы сөзден жаңылса да,

Шыдайды риза болып жар ісіне,
Қорлық пен мазағына табылса да.

Махаббат жырларының ішіндегі Абайдың ұлылығын, асқан талантын танытқан – Пушкиннен аударған «Евгений Онегиннің» үзінділері. Мұнда ұлы орыс халқының классигін аударып отырған Абай жай аудармашы емес. Алдымен, өлеңмен жазылған ұзақ романның өз ақындық кредосына керекті жерін ғана тандап алады. Пушкин – Абайдың үлгілі ұстазы. Бірақ оның «Татьянаның Онегинге хаты», «Онегиннің Татьянаға жауабы», «Татьяна сөзі», «Онегиннің Татьянаға жазған хаты» сияқты роман үзінділерін аударған уақытта Пушкиннің ауқымында, өлең өрімі мен өлшемінде қалып, буыны мен бунағын санап отырмайды. Крыловты, не Лермонтовты аударуындағы кейбір дәлшіл әдетін мұнда қолданбайды. Әдейі қолданбайды. Өзінше жырлап, Пушкин арнасынан шығып та кетіп отырады. Тақырыпты ұлы Пушкинмен қатарласа, жарыса баяндайды. Соның нәтижесінде Абай бұл аудармасын өз өлеңдерінің нұсқасындай, өз оқушыларының түсінігіне лайықтап шығарған. Осы арқылы қазақ қыздарына Пушкиннің Татьянасын үлгі етіп ұсынып, тозығы жеткен феодалдық қоғамдағы әйелді кем, қор тұтар кеселді көзқарасқа біржола үкім айтып, ескіліктің торын бұзып, орын талқандайды. Екінші жағынан қазақ жігіттеріне «әйел де өзіндей тең праволы досың» деген өсиетін айтып, Онегиннің тағдырын Пушкинше қалдырмай, оны ажал аузына апарып, оқушысын содан сақтандырады.

Мінезіне, қылығына қарағанда жаза-кесімі, әділ үкімі осы деп, Онегинді мысқылмен мінеп, түйреп тоқтаған Пушкиннен бөлек барып, оның қолына өзін-өзі ату үшін пистолет ұсынады.

Атам-анам, қара жер,
Сен аша бер қойныңды.
Сенен басқа еш жерден
Таба алмадым орнымды.

«Татьянаның Онегинге жазған хатындағы» оның жан сыры, іш толқыны түпнұсқадағы биік дәрежесінен ешбір кемімей, қазақ оқушысына тұңғыық терең сыр боп шертіліп, түгел жеткен:

Шыныңды айт, кімсің тербеткен,
Иембісің сақтаушы.
Әлде азғырып әуре еткен
Жаумысың теуіп, таптаушы.
Шеш көңлімнің жұмбағын,
Әлде бәрі – алданыс.
Жас жүрек жайып саусағын,
Талпынған пығар айға алыс.

Осыны аудару үстінде ақынның өзі де самғап, биік шығандап, поэзия шыңына шығыпты. Асқақтап, серпіле көтеріліп алыпты. Қазақ әдебиетіндегі өзіне шейінгі өлең сөздерден мүлде қара үзіп, ілгері кеткен. Бүкіл дүние жүзілік әдебиеттің үлгілі өрнегі – ұлы орыс поэзиясының сан дыбысты, сырлы, сиқырлы симфониясына өз үнін қосып, өзгеден ерекше өзіне тән ғажайып сұлу үнін қосып, майда қоңыр саз тауыпты. Кемеліне келе есейіпті.

Жас жүрек жайып саусағын,
Талпынған пығар айға алыс.

Саусақ адам баласында ғана бар. Жүректе саусақ бола ма? Жүрек саусақ жайып, алыс көктегі айға қалай талпынар? Ол кездегі, қазақ ұғымында осы бар ма еді? Ескі қазақ поэзиясына осылай шығандау тән бе еді? Бірақ:

Жас жүрек жайып саусағын,
Талпынған пығар айға алыс.

Осыны түсінбеуге, ұқпауға бола ма? Жоқ. Данышпан ақынның отты, уытты лирикасы бұл терең сырға оқушысын тебіренге ұйытады: мың құбылған нәзік сезім ырғағы, жүрек дүрсілі, жан толқыны. Өлеңдегі сөз – мүлде соны, жап-жана, тың. Бірақ тосын деп жатырқау былай тұрсын, алған әсер, ұққан сырды бір сәтке баса алмай, қызыға, қызғана оқисың. Кінәсіз, таза жанды орыс қызының мың құбылған нәзік сезім ырғағын, жүрек лүпілін, жан толқынысын терең ұғасың.

Міне, Абайдың ақындық шеберлігін жетілдіруде Пушкиннің ұстаздық тәрбиесі осындай. Бұдан былай Абайдың осы тақырыптағы өлеңдерінің бейнесі бұрынғыларына мүлде ұқсамайды...

Абайдың табиғат лирикасы – өз алдына бір сала. Табиғат – адам өмір сүрер, тіршілік етер орта. Онысыз өмір жоқ. Міне, осы табиғат көріністерін, оған бөленген қазақ даласындағы өмірді, тұрмыс-халді суреттеуге Абайдың көптеген өлеңдері арналған және қазақ әдебиетінде Абайдан бұрын табиғат көрінісін мұншалық шебер, мұншалық терең һәм жан-жақты жырлаған ақын болған емес.

Абайдың бұл тақырыпта жазған лирикасында да ақындық эволюциясы – творчестволық түлеу жолының кезең-кезеңдері жатыр. Табиғат лирикасы – Абайдың ұлы талантын, биік мәдениетін танытатын өлеңдер.

Әсіресе, жылдың төрт мезгілі туралы жазылған өлеңдері – бейнеті мен азабы мол мал баққан шаруаны, баянсыз, көшпелі ауылды, ескі қоғамдық қарым-қатынастың кейбір күнгірт белгілерін анық, қанық бояумен көрсететін, өз дәуірінің айнасы боларлық, сұлу шығармалар.

Абай – асқан реалист ақын. Оның табиғат жырларынан уақыттың әлдеқалай жылы, айы емес, өзі өмір сүрген заман жайы, сол заманда тіршілік кешкен адам жайы айқын көрініс табады.

Абайдың табиғат лирикасын оқығанда оқушының көз алдына сұлап жатқан, құлазыған бел-белесті шетсіз, шексіз маң даланың жалаң көріністері ғана жайылмайды, даладағы өзгеше өмір қайталанбас сыр-сипатымен тұтас суреттеледі.

Жазды күн пілде болғанда,
Көк орай, шалғын, бәйшешек
Ұзарып, өсіп толғанда;
Күркіреп жатқан өзенге,
Көшіп ауыл қонғанда;
Шұрқырап жатқан жылқының
Шалғыннан жүні қылтылдап,
Ат, айғырлар, биелер
Бүйірі шығып, ыңқылдап,
Суда тұрып шыбындап,
Құйрығымен пылпылдап...

Бұл – әшейін дала суреті емес, даладағы дарқан өмір, думанды тіршілік. Жалаң табиғаттың бірыңғай өзін ғана қызықтап,

«анау арада гүл жайқалады, сонау арада жапырақтар сыбырласады, мынау жерде өзен сықылықтап күледі» деп сыдыртып өте шықса, табиғатты адам өмірінен жеке-дара бөліп әкетіп, сырттай боямаласа, одан сырлы сурет, терең поэзия тумас еді. Ал, Абай лирикасында жанды дүние – адамды да, адамдардың іс-әрекет, қимыл-қарекет бесігі – табиғатты да тұтас қаусырған бүтін бір әдемі әлем – құбыла құлпырған көркемдік атмосфера жасалады.

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды,
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды.

Осы әшейін қыс көрінісі ғана ма? Аумаған адам сияқты мінезі мен мүсіні бар, дем алатын, қозғалатын, жабырқайтын, жадырайтын жанды нәрсе емес пе?

Қыс – бұл жерде «ақ киімді, денелі, ақ сақалды», баяғы бір «кәрі құда» шал. Қытымыр, қатал құлқы бар кушұнақ, тентек шал. Шаруаның соры – жұтын ала келетін кеселді «құда». Мал-жанға құрық үйіре келген қағынған қарт.

Қысты бұлай адам бейнесінде суреттеу қазақ әдебиетінде Абайдан бұрын атымен болған емес. Бұл жерде де мәдениетті поэзияның өкілі Абай өзінің орыс классиктерінен үйренген үлгі-өрнегін төгіп отыр. XIX ғасырдағы орыс әдебиетінде арғысы Пушкин, бергісі Некрасов, шын жүйрік лириктер табиғатқа осылайша жан бітіріп, тұтас бір тіршілік әлемін жасайтын. Абайдікі осыған құр еліктеу емес, классикалық орыс поэзиясынан игерген үлгі-өнегесін творчестволық түрде өзінше өрнектеп, өзінің ұлт топырағында қайтадан өсіріп, өз дәні етіп беріп отыр. Адам бейнесіндегі қатал қыс қазақ оқушысының ұғымына лайық образға айналып отыр.

Абайдың табиғат лирикасы, әсіресе жылдың төрт мезгілін суреттейтін өлеңдері – күшті ақындық шеберлікпен, зор мәдениетпен жазылған аса сұлу, сылқым, сырлы жырлар. Бұлардың композициялық құрылымында да өзіндік өзгеше келісім бар. Жыл мезгілдерін сипаттау үстінде алдымен әр түсті ақындық бояу

арқылы оқушының көз алдына түрлі-түрлі табиғат көріністері келеді: жайқалған гүл-бәйшешекті «көк орай шалғыны» мен «күркіреген өзені» бар, тамылжып тұрған шыбынсыз жаз да сонда; ақ кірпік бораны мен үскірік аязы бар, қылышын сүйреткен қырау қабақ қытымыр қыс та – сонда; аспанын бұлт торлап, гүлі солған сарғыш даласын шық басқан сұрғылт күз де – сонда... Әр өлеңінде ақын әуелі табиғат көріністерін суреттейді де, ізінше сол көрініске бөленген қазақ аулының тірлік-кәсібіне, шаруажайына көшеді. «Жазда» күркіреп жатқан өзеннің көкорайшалғын жағасына көшіп барып қонып жатқан ауыл, ақ білегін сыбанып, үй тіккен қыз-келіншектер, өзен шетінде шыбындап, бөгелектеп тұрған құлын-тайлы көп жылқылар... одан әрі сол ауыл шындығы өрістеп кете беретін болса, «Қыста» шидем мен тондарын қабаттап киіп, оранып алса да долы боранға «бет қарауға шыдамай сырт айналып», тағы да мал соңында қар жамылып, мұз жастанған жылқышылар, суық өтіп, титығы құрыған тайлар мен жабағыларға ауыз салуға аран ашып, жан таласып, айдалада соқақ-соқақ жортып жүрген аш қасқырлар, т. б. көз алдымызға келеді. Мұның бәрі – көшпелі қазақ аулының сол кездегі тұрмыстіршілігі. Мұнан кейін келіп Абай дәл сол ортадағы қоғамдық қарым-қатынастан белгі береді. Енді табиғат лирикасы биігірек сатыға көтеріліп, саяси сипат алады да, алуан түрлі әлеуметтік мәселелерді қозғайды. Абайдың тамаша реалистігі, сонымен қатар қоғамдық өмірге азаматтық көзқарасы дәл осы арада айқындала ашылып қалады.

Абайдың асқан сырлы лирикасының бірі – «Қан сонарда бүркітші шығады аңға». Мұнда сонар күні бүркітпен аңға шыққан аңшының іс-әрекеті әдемі, тартымды суреттеледі. Аңшылық турасында бұған жеткен өлең де, мұндай шебер суреттеген ақын да болған емес.

Абайдың табиғат тақырыбындағы лирикасына кіретін біраз өлеңдері – аудармалар. Бірақ Абай аудармаларының өзіндік өзгешеліктері бар. Оның көпшілік аудармалары сол өлеңнің орысшадағы нұсқасымен жолма-жол қабысып, бірдей шығып отырмайды. Автордың айтайын деген ойын, негізгі желісін алады

да, соны өзінше толғап, анаумен жарыса жырлап кетеді. Қайсыбір өлеңнің басы бірдей басталады да, аяғы өзінше бітеді.

Абайдың енді бір аудармалары бар, ол аудармалардың тұсында әлгі айтқанымыздай, немесе «Евгений Онегин» романының үзінділерін аударғандағыдай еркін кетушілік машығын қолданбайды. Түпнұсқа мүмкіндігінше толық сақталады.

Қараңғы түнде тау қалғып,
Ұйқыға кетер маужырап.
Даланы жым-жырт дел-сал қып,
Түн басады салбырап.
Шаң шығармас жол-дағы,
Сілкіне алмас жапырақ.
Тыншығарсың сен-дағы,
Сабыр қылсаң азырақ.

Бұл өлеңде тек табиғат суреті ғана емес, сонымен қатар адам, адамның көңіл күйі бар; философиялық ой бар. Өлеңнің түпнұсқадағы осы мазмұнын, бусанған тынысы мен сырлы сазына дейін Абай аудармада дәл жеткізеді.

Осы ретпен Абай қазақ поэзиясына соны да сырлы ағым алып келді. Өз шығармаларын да жаңа, терең, күшті үлгі-өрнекке ауыстырды. Мәдениетті, білімпаз ақын болып, жаңа сарын, жаңа саз тапты.

Көлеңке басын ұзартып,
Алысты көзден жасырса;
Күнді уақыт қызартып,
Көкжиектен асырса.

Күңгірт көңлім сырласар,
Сұрғылт тартқан бейуаққа.
Төмен қарап мұңдасар,
Ой жіберіп әр жаққа.

Осы үзіндідегі табиғатты дәл осы түрде сезіну – Абайдан бұрын қазақта болған үлгі ме? Жоқ. Стихия мен адам көңілінің шарпысуын бұлайша суреттеу – тек орыс әдебиетіндегі романтизм

үлгісі. Ұлы ақынның сол классикалық әдебиеттен тауып, бойына сіңірген зор мәдениетінің айғағы.

Асылы, лирикалық шығарма ақынның көңіл күйіне құрылады дегенбіз; ақын онда өзін, өз сезімі мен сырын жырға айналдырады, өзі туралы сөйлейді. Ал, «ұлы ақын өзі туралы, өзінің жеке «мені» туралы айтса, ол – жалпы көпшілік туралы – бүкіл адам баласы туралы айтқаны; өйткені оның тұлғасында жалпы адам баласына тән қасиеттің бәрі де бар» (Белинский).

Демек «көңіл күйі» дегенді жеңіл-желпі түсінбеуіміз керек; бұл – өмірдің кез келген жағдайынан туа беретін құбылыс.

Идеясыз жалпы әдеби шығарма болмайтыны секілді, лирикадағы ақынның көңіл күйі – оның өмірге көзқарасымен, таптық бетімен сабақтас. Бұларға да әр алуан эмоция кіре алады. Абайдың өз көңіл күйінен туған өлеңдерінде әр адамның басында болатын психологиялық хал-жағдай, көңілдің әр түрлі толқын күйі, әр адамға тән күйініш-сүйініш әр қилы қыры-сырымен тұтас, шебер, тартымды, дәл суреттеледі.

Көк ала бұлт сөгіліп,
Күн жауады кей шақта.
Өне бойың егіліп,
Жас ағады аулақта,
Жауған күнмен жаңғырып.
Жер көгеріп, күш алар.
Аққан жасқа қаңғырып,
Бас ауырып, іш жанар.

Бұл – адамға тән құбылыс, адам басында болатын хал.

Абай бұл саладағы лирикасында сол өзі өмір сүрген дәуірде ауыр азап шеккен қарапайым адамдардың жан-жүрегіне сұлулық пен сүйіспеншіліктің, жігер мен үміттің ыстық қанын құйып, олардың сана-сезімін сұлу лирикасымен желпи оятып, риясыз, ашық сырласады. Бұл ретте, ақын замандастарын қаусаған көне дүниенің тұманды тозаңына тұншықтырмай, алға, келер күндерге нұсқайды; оларды өз тереңдеріне үніле білуге, сөйтіп, адам бойындағы асылдықты бағалауға, жарқын келешекке сеніммен қарауға мегзейді.

Бірақ Абайдың бұл салада жазылған өлеңдерінің дені Лермонтов лирикасына ұқсап, қам көңілмен, жүдеу қабақпен жырланады.

Ақын басында болған жабығу, күңгірт көңіл, одан туған мұнды сыр, жүрек шерін шерте шыққан жалғыздық сарындағы жыр – оның жеке басына ғана тән нәрсе емес, Абай өмір сүрген беймезгіл тұстың, талантқа өгей ортаның әрбір ойлы азаматының басындағы хал-күй деп білу керек.

Күлімсіреп аспан тұр,
Жерге ойлатып әрнені;
Бір себепсіз қайғы құр,
Баса ма екен пендені.
Қапамын мен, қапамын,
Қуаныш жоқ көңлімде.
Қайғырамын, жатамын,
Нені іздеймін өмірде?

Немесе:

Жүрегім менің қырық жамау,
Қиянатшыл дүниеден;
Қайтып аман қалсын сау,
Қайтқаннан соң әр неден.

Бұл – Абай көңіл күйінің бұған дейін бізге мәлім емес тағы бір түкпірі. «Мыңмен жалғыз алысқан» Абай жүрегі – енді қапалы. Жұлысты, тартысты, ел үстін бұлттай торлаған надандық қасіретін, әділетсіздік лаңын бір өзі серпіп сейілте алмады (бұл мүмкін де емес-ті). Енді ақын амалсыз тоқырап, не істерге білмей дағдарған тәрізді. Осы жәйт ақын өлеңіне жабырқау, мұнды көлеңкесін түсіріп, қапалы көңіл енді селт етпей, сұлық суық қана, өзімен-өзі тілдесетін сияқты.

Өзінің Абай туралы зерттеулерінде Мұхтар Әуезов XIX ғасырдың тоқсаныншы жылдарында ақын басында ауыр трагедия болғанын, бұл оның өлеңдеріне өмірден түңілу сарынын әкелгенін айтады. Өзін қоршаған өгей орта, ондағы озбыр, өрескел надан мінездер ақын жанын жирендіріп, ақынды өз

төңірегінен түңілуге дейін апарады. Абай алдымен ел билеген жемқор болыс-билерден, содан соң «сәлдесі дағарадай болып, құранды теріс оқыған» «аңқау елдің арамза» молдасынан, одан әрі әкім-ұлықтардан түңіледі. Енді оларға қарсы күрестің бір алуан құралы етіп, ащы тілді сықақ өлеңдерін алады. Дәл осы арадан Абайдың ақындыққа, ақындық қана емес, жалпы көркем-өнерге эстетикалық көзқарасы айқын көрінеді.

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ, барды, ертегіні термек үшін,
Көкірегі сезімді, тілі орамды,
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін, –

деген жолдарда ақынның эстетикалық мұраты, азаматтық мақсаты жатыр. Демек, ақын басынан өткен әлгідей аянышты ауыр халдің өзі де тегіннен-тегін өтпепті. Ақын енді қайралған, шыңдалған секілді. Ендігі машық басқа сияқты. Ақын сөзі ыза мен ашуға суарылып, мысқыл мен сықаққа толып, тиген жерін тіліп түсер семсерге айналған тәрізді. Мұны ақынның өзі де аңғарғандай:

Ызалы жүрек, долы қол,
Улы сия, ащы тіл.
Не жазып кетсе, жайы сол,
Жек көрсендер өзін біл, –

деп алады да, өз ортасындағы сорлылық қылықтарға күйіне қарап, сол күйініштен туған ызалы жырын тағы да ел мұңын емдеуге төгеді. «Сатираны кексіз күлкі, жеңіл мазақ, ұсақ қылжақ деп түсінбей, масқара болған қоғамның құрысқан кегінің нажағайлы рухы деп тану», – керек екенін айтқан Белинскийге бақсақ, Абай сатирасының қоғамдық мәнінің байыбына бара түсеміз.

Қара басқан, қаңғыған,
Қас надан нені ұға алсын?
Көкірегінде оты бар,
Құлағын ойлы ер салсын! –

деп, ұлы ақын «қалың еліне» бір ауық ащы ызамен соқтықса, мұның да жаттығы жоқ. Бірде осылай қатты айтса, енді бірде жуасып, жұртына жайлап қана тілек білдіреді:

Жұртым-ай, шалқақтамай сөзге түсін,
Ойланшы, сыртын қойып, сөздің ішін.
Ыржаңдамай тыңдасаң нең кетеді,
Шығарған сөз емес қой әңгіме үшін.

Осы мысалдардың қай-қайсысынан болса да Абайдың эстетикалық көзқарасы айқын аңғарылады. Ол өлеңді өмірге игі әсерін тигізетін, адамға ақыл-өнеге беретін өнер деп біледі. Ақын алдымен азамат болуы, халықпен бірге қуанып, бірге күрсінуі керек, сөйтіп елінің тілегін толғап, мүддесін ойлап, сырын жырласын, ақиқат шындықты суреттесін дейді. Бұл тұжырымын ол «Адамның кейбір кездері» деген өлеңінде, әсіресе, ашып айтады:

Сонда ақын белін буынып,
Алды-артына қаранар...
Қыранша қарап Қырымға,
Мұң мен зарды қолға алар.
Кектеніп надан зұлымға
Шиыршық атар, толғанар.

«Көңілге түрлі ой салар» әдемі әннің де, «ақылдының сөзіндей» әсем күйдің де бар қадір-қасиетін, тәрбиелік мәнін терең түсінген Абай бұлардың да өмірдің әр алуан шындық құбылыстарын дұрыс суреттеуін қалайды. Көпшілікке жөн сілтеуін, өнеге беруін; ал көпшіліктен көркемөнерді жоғары бағалап, халық мүддесіне пайдалануын, одан үйренуін талап етеді.

Ұлы ақын өз өнерін, міне, осы мақсатқа жұмсады.

ТҮСІНІКТЕР

1. Марғұлан Ә. Абай қолжазбасы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 300-304-беттер; Абай институтының вебсайты.
2. Машанов А. Ұлы ұстаз Абай. Баспасөз бетінде жарияланған: Әл-Фараби және Абай. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 71-80-беттер; Абай институтының вебсайты.
3. Сүйіншәлиев Х. Абайдың қарасөздері мен нақылдары. Баспасөз бетінде жарияланған: Қазақ әдебиетінің тарихы: оқулық. – Алматы: Санат, 2006. – 877-887-беттер; Абай институтының вебсайты.
4. Нұршайықов Ә. Шұғылалы шұмақтар. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 344-355-беттер; Абай институтының вебсайты.
5. Әлімбаев М. Абайды қайталап оқығанда. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 244-262-беттер; Абай институтының вебсайты.
6. Қирабаев С. Абай – қазақ әдебиетінің классигі. Баспасөз бетінде жарияланған: Көп томдық шығармалар жинағы. Т.5. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2007. – 194-200-беттер; Абай институтының вебсайты.
7. Ахметов З. Өлең өрнектері. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 205-223-беттер; Абай институтының вебсайты.
8. Қабдолов З. Абайдың ақындығы. Баспасөз бетінде жарияланған: Арна. Зерттеу сып: эссе. – Алматы: Жазушы, 1988. – 9-43-беттер; Абай институтының вебсайты.
9. Кәкішев Т. Абайдың сатирасы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 84-90-б. ; Абай институтының вебсайты.
10. Нұрқатов А. Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы. Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылым бойынша берілді: Шығармалар жинағы. II том. Абайдың ақындық дәстүрі. – Алматы, 2010. – 409-434-беттер; Абай институтының вебсайты.
11. Сахариев Б. Өшпес мұра. Баспасөз бетінде жарияланған: Күрескер тұлғасы: мақалалар мен зерттеулер. – Алматы, 1979. – 222-229-беттер; Абай институтының вебсайты.
12. Дүйсенбаев Ы. Абайдың поэмалары мен аудармалары. Баспасөз бетінде жарияланған: Ғасырлар сыры. – Алматы, 1970. – 84-137-беттер; Абай институтының вебсайты.
13. Бердібаев Р. Кеменгерлік келбеті. Баспасөз бетінде жарияланған: Замана сазы: зерттеулер мен мақалалар. – Алматы, 1985. – 1985. – 216-226-беттер; Абай институтының вебсайты.
14. Қожакеев Т. Абай – сатирик. Баспасөз бетінде жарияланған: Таңдамалы шығармалар. Көптомдық. IV том. – Алматы: ҚАЗАҚПАРАТ, 2007. – 3-29-беттер; Абай институтының вебсайты.

15. Сәтбаева Ш. Абай және Еуропа халықтары әдебиеті. Баспасөз бетінде жарияланған: Бес томдық шығармалар жинағы. I том. – Астана: Елорда, 2007. – 89-110-беттер; Абай институтының вебсайты.
16. Базарбаев М. Абайдың жаңашылдығы. Баспасөз бетінде жарияланған: Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы. – Алматы: Жазушы, 1973; Абай институтының вебсайты.
17. Дербісәлин Ө. Қазақ поэмасының тарихынан. Баспасөз бетінде жарияланған: Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері: мақалалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1976 – 114-153 беттер; Абай институтының вебсайты.
18. Хасенов М. Абай шығармаларындағы сын. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың өмірі мен творчествосы: мақалалар жинағы / ред басқ.: М. Ақынжанов, З. Ахметов. – Алма-Ата: ҚазССР ҒА, 1954. – 132-142-беттер; Абай институтының вебсайты.
19. Талжанов С. Абай Құнанбаев. Баспасөз бетінде жарияланған: Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері. – Алматы, 1975. – 195-217-беттер; Абай институтының вебсайты.
20. Әбдірахманов Т. Мәңгі жас мұра. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 364-372-беттер; Абай институтының вебсайты.

МАЗМҰНЫ

Марғұлан Ә. Абай қолжазбасы	3
Машанов А. Ұлы ұстаз Абай	8
Сүйіншәлиев Х. Абайдың қарасөздері мен нақылдары.....	19
Нұршайықов Ә. Шұғылалы шумақтар	33
Әлімбаев М. Абайды қайталап оқығанда	46
Қирабаев С. Абай – қазақ әдебиетінің классигі	65
Ахметов З. Өлең өрнектері	72
Қабдолов З. Абайдың ақындығы	81
Кәкішев Т. Абайдың сатирасы	101
Нұрқатов А. Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы.....	109
Сахаринов Б. Өшпес мұра	129
Дүйсенбаев Ы. Абайдың поэмалары мен аудармалары	137
Бердібаев Р. Кемеңгерлік келбеті.....	154
Қожақеев Т. Абай – сатирик	167
Сәтбаева Ш. Абай және Еуропа халықтары әдебиеті.....	188
Базарбаев М. Абайдың жаңашылдығы.....	211
Дербісәлин Ә. Қазақ поэмасының тарихынан.....	221
Хасенов М. Абай шығармаларындағы сын.....	235
Талжанов С. Абай Құнанбаев	247
Әбдірахманов Т. Мәңгі жас мұра	261
Түсініктер	269

Оқу басылымы

АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР
ІІІ том
Ойлар мен толғаныстар

Құрастырып, түсініктерін жазғандар:
П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Редакторы *К. Мухадиева*
Компьютерде беттеген *Ү. Өбдіқайымова*
Мұқабасын безендірген *Қ. Өмірбекова*

ИБ.№8757

Басуға 09.12.15 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Көлемі 17,0 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №1508.
Таралымы 50 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.